

## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысының м.а.

С. Дауешова  
2023 жыл

### «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу тәртібін және қорытындылау шарттарын айқындайды.

1.2. Қалалық Конкурстың ұйымдастырушысы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

1.3. Комиссия мүшелері болып табылады:

- Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы;
- «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы;
- Астана қаласы «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының қызметкерлері.
- Астана қаласы «Педагогикалық шеберлік орталығы», сондай-ақ қалалық білім беру ұйымдарының педагогтері.

1.4. Конкурсты өткізу мерзімділігі – оқу жылына бір рет.

1.5. Ереже шарттарын қабылдай отырып, Конкурсқа қатысушылар өз материалдарының tiktok бейне-хостингінде, Facebook әлеуметтік желісінде, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Әдістемелік орталық) сайтында жариялануына келісім білдіреді.

1.6. Конкурс туралы ақпарат Әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылады.

#### 2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, озық инновациялық педагогикалық тәжірибені таратуға ықпал ету.

2.2. Міндеттері:

- педагогикалық бастамаларды қолдау, оң білім беру тәжірибелерін анықтау және тарату;
- инновациялық қызмет идеялары мен тәжірибесін жинақтау бойынша педагогикалық қоғамдастықтың қызметін кіріктіру;
- кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту;
- өз жұмыс тәжірибесін жинақтау арқылы педагогтердің рефлексивті іскерлігін дамыту;
- қоғам назарын нәтижелі педагогикалық тәжірибеге аудару.

*С. Дауешова*

### **3. Конкурстың басым бағыттары**

**3.1.** Конкурсқа қатысу үшін мектепке дейінгі, бастауыш, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының педагогтері келесі бағыттар бойынша шақырылады:

- Мектепке дейінгі білім беру «Баланың жеке құндылықтарын дамытуға бағытталған дамытушы ортаны құру»
- Бастауыш білім беру «Дамытушы білім беру ортасы бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде»
- Орта білім «Білім беру үдерісін технологияландыру мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде»
- Қосымша білім беру «Балаларға қосымша білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар».
- Арнайы білім беру «Балалар әр түрлі - мүмкіндіктер тең».

### **4. Конкурсты өткізу технологиясы**

**4.1.** Конкурсты өткізу кезеңдері. Конкурс 3 кезеңде өткізіледі:

1 кезең - сабақтың ҚМЖ әзірлеу, өзіндік талдау, бейнеролик (онлайн формат);

2 кезең - инновациялық жоба (офлайн формат);

3 кезең - тренинг (офлайн формат), шебер-сынып қосымша білім беру педагогтері үшін.

Өтінімдерді қабылдау - 2023 жылғы 6 ақпан мен 10 ақпан аралығында [konkurs2023pi@mail.ru](mailto:konkurs2023pi@mail.ru) электрондық поштасына;

Конкурсқа қатысуға жұмыстарды қабылдау – 2023 жылғы 13 ақпан мен 17 ақпан аралығында [konkurs2023pi@mail.ru](mailto:konkurs2023pi@mail.ru) сілтемесі бойынша (\*жұмыс тек бұрын өтінім жіберген конкурсанттардан ғана қабылданады)

- іріктеу кезеңі - 2023 жылғы 20 ақпан мен 28 ақпан аралығы;

- финалдық тур - 2023 жылғы 3 наурыз.

**4.2.** Ұйымдастыру комитеті ішкі конкурсты өткізу мерзімі мен орнын айқындайды, Сараптамалық кеңестің жұмысын қамтамасыз етеді.

### **5. Конкурсқа қатысу тәртібі**

**5.1.** Қатысушының сабағының ҚМЖ/сабақ жоспары-конспектісі (Word.docx) мен бейнеролигінде кәсіби педагогикалық тәжірибенің инновациялық мәнін көрсететін тұжырымдамалық педагогикалық идеяны қамтитын материалдар ұсынылуы тиіс.

**5.2.** Конкурсқа қатысушылар жеке, тең авторлықта (тең авторлар екеуден артық емес) орындалған жұмыстарын ұсына алады.

**5.3.** Конкурстың бірінші кезеңін өткізу форматы сырттай. Өтінімдер (1-қосымша) және Конкурс материалдары Әдістемелік оралықтың Ұйымдастыру комитетіне [konkurs2023pi@mail.ru](mailto:konkurs2023pi@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі:

**5.4.** Бірінші кезеңнің конкурстық материалдарын ұсынуға қойылатын талаптар: материалдар (сабақ жоспары/ сабақ жоспары-конспект, өзін-өзі талдау) көлемі баспа түрінде 3 бетке дейін, қарпі - TimesNewRoman, өлшемі-

14, интервалы - 1,5; жиегі: жоғарғы жағы — 2, төменгі жағы— 2, сол жағы — 3, оң жағы — 1,5. Бейнеролик – 15 мин.

5.5. Плагиат анықталған жағдайда жұмыс Конкурстан шығарылады. Түпнұсқалықтың талап етілетін пайызы кемінде 70%.

5.6. Сараптамалық кеңестің шешімі бойынша жоғары балл жинаған жұмыс Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберіледі.

5.7. Конкурстың екінші кезеңін өткізу форматы ішкі (офлайн) - балаларға қосымша білім берудегі инновациялық жобаларды/заманауи педагогикалық технологияларды ұсыну.

Автордың сөзі презентациямен бірге жүруі керек, презентациядағы слайдтар саны 5. Қатысушылардың сөз сөйлеу уақытының максималды ұзақтығы - 5-7 минут.

Папкаға инновациялық жобаның сипаттамасы (қосымшалармен) енгізіледі. Қосымшаларда болуы мүмкін:

- жоба презентациялары, мультимедиялық қосымшалар;
- оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерінің сипаттамасы;
- оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыру, педагогтің педагогикалық идеялары мен бастамаларының сипаттамасы;
- педагогикалық білім беру технологияларын әдістемелік қамтамасыз ету бойынша материалдар.

5.8. Сараптамалық кеңестің 1 және 2 кезеңді аяқтау жөніндегі шешімі бойынша жоғары балл жинаған материалдар Конкурстың үшінші кезеңіне қатысуға жіберіледі.

Конкурстың үшінші кезеңін өткізу форматы — ішкі (офлайн).

Сөз сөйлеу презентациямен сүйемелденуі мүмкін, презентациядағы слайдтар саны - 5. Қатысушылардың сөз сөйлеуінің максималды ұзақтығы-10-15 минут.

5.9. Материалдарға авторлық құқықтар Конкурс қатысушыларының атында сақталады.

5.10. Конкурсты ұйымдастырушылар Сараптамалық кеңес мүшелерінің бағаларын, бағалау кестелерін және барлық Конкурсқа қатысушылардың толық рейтингін жария етпейді.

5.11. Жұмысты Конкурсқа жібере отырып, қатысушы: осы Ереженің барлық тармақтарымен; өзінің жеке деректерін өңдеуге; жұмысты жариялауға; Конкурстың барлық кезеңдері мен жаңалықтары туралы хабарлау үшін тарату хабарламасын алуға келісімін білдіреді.

## **6. Ұсынылатын материалдардың критерийлері**

### **6.1. Бейнесабқты бағалау критерийлері**

1. Оқу мақсаттарының білім беру бағдарламасына сәйкестігі;
2. Білім алушыларды оқу қызметіне ынталандыру және мақсат қою бойынша педагогтің қызметі;
3. Сабак/Сабак құрылымы;

4. Педагог пен білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша қызметі;
  5. Мұғалімнің құралдар жинағы (технологиялар, әдіс-тәсілдер);
  6. Сабақтың дидактикалық жабдықталуы;
  7. Жас және психологиялық ерекшеліктерге сәйкестігі;
  8. Сараланған тәсіл;
  9. Инклюзивті оқыту (қажет болған жағдайда ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс) (бар болса);
  10. Бейне сабаққа қоса берілетін материалдардың сапасы: сабақ жоспары / сабақ жоспары-реферат, өзіндік талдау.
  11. Оқу процесіне өзгерістер енгізу мақсатында қалыптастырушы бағалауды қолдану. Кері байланыс;
  12. Сабақты техникалық қамтамасыз ету, оның негізділігі;
  13. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.
- Критерийлердің әрқайсысы бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (іске асырылмағаны - 0 балл, ішінара іске асырылғаны - 1 балл, толық іске асырылғаны - 2 балл).

**Ең жоғары ұпай саны — 26.**

### **6.2. Жобаларды бағалау критерийлері.**

1. Жанашылдығы. Материал мазмұнының Конкурс бағыттарына сәйкестігі.
  2. Жұмыс тақырыбының Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі.
  3. Жоба мәселесін қою.
  4. Жұмыс тақырыбының өзектілігін негіздеу.
  5. Жобаның мақсаттарын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін тұжырымдау.
  6. Жобаны іске асыру кезеңдері мен механизмін (әдістері, әдістемелері, технологиялары) баяндау.
  7. Практикалық іске асыру деңгейі.
  8. Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі.
- Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл - іске асырылмаған, 1 балл - ішінара іске асырылған, 2 балл - толық іске асырылған).

**Ең жоғары ұпай саны — 16.**

### **6.3. Тренингті бағалау критерийлері**

1. Коллаборативті орта құру және оны бүкіл тренинг барысында қолдау;
2. Тренинг барысында барлық қатысушыларды белсенді қызметке тарту;
3. Әр қатысушының пікірін құрметтеу;
4. Белсенді және интерактивті стратегияларды қолдану;
5. Қатысушыларды тренингке қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағыттау (өз пікірін нақты білдірмей);
6. Тайм-менеджмент: тренингтің әр кезеңінің уақыт шеңберін сақтау;
7. Интерактивті жаттығулардың теориялық және практикалық материалдарының тиімді үйлесімін қамтамасыз ету;
8. Сындарлы кері байланыс.

## **Шебер-сыныпты бағалау критерийлері (қосымша білім беру педагогтері үшін)**

1. Тақырыптың өзектілігі, шебер-сыныптың мақсаттары;
2. Мұғалімнің шебер-сыныпта іс-әрекет түрлерін қолдануы;
3. Шебер-сынып кезеңдерінің негізділігі мен тиімділігі;
4. Мұғалімнің сөзі: сауаттылығы, айқындылығы, қисындылығы, жүйелілігі, эмоционалдылығы.
5. Шебер-сыныптың практикалық маңыздылығы.

Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл - іске асырылмаған, 1 балл - ішінара іске асырылған, 2 балл - толық іске асырылған).

### **Ең жоғары ұпай саны — 16.**

Тренингке қойылатын талап. Ұзақтығы - 10-15 минут. *Сөйлеу компьютерлік презентациямен сүйемелденуі мүмкін.*

6.4. Конкурс қорытындысы бойынша қатысушылардың жұмыстарын қамтитын материалдар жинағы жасалады. Конкурстың әр қатысушысы материалдар жинағын алады (PDF форматында).

## **7. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

7.1. Сараптамалық бағалар негізінде Конкурстың жеңімпаздары анықталады.

7.2. Конкурс нәтижелері 2023 жылғы 6 наурыз күні жарияланады.

7.3. Екінші турға өткен Конкурстың қатысушылар Конкурстың қатысқанын растайтын сертификаттар, грамоталар алады.

7.4. Конкурс жеңімпаздары ұсынылған номинациялар бойынша 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Конкурс номинацияларының әрқайсысында мынадай марапаттау деңгейлері көзделген:

- «Үздік инновациялық сабақ» номинациясы дипломдары:

1 дәрежелі - 1;

2 дәрежелі - 2;

3 дәрежелі - 3.

- «Үздік инновациялық жоба» номинациясы дипломдары:

1 дәрежелі - 1;

2 дәрежелі - 2;

3 дәрежелі - 3.

- «Менің педагогикалық бастамам» номинациясы дипломдары:

1 дәрежелі - 1;

2 дәрежелі - 2;

3 дәрежелі - 3.

Конкурстың түсетін барлық жұмыстар мен жұмыс материалдары құпия деп танылады. Конкурс комиссиясының барлық мүшелері келіп түскен материалдардың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

«Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсына қатысуға

ӨТІНІМ

Ұйым туралы мәлімет \_\_\_\_\_

(мекеменің толық атауы)

Байланыс телефоны: \_\_\_\_\_

E-mail:

Автордың Т.А.Ә. (толық):

Конкурстық материал бағыты (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, қосымша, инклюзивті білім беру)

Конкурстық материал номинациясы (жоба, авторлық әзірленім, білім беру ұйымын дамыту бағдарламасы) \_\_\_\_\_

Конкурстық материал тақырыбы \_\_\_\_\_

Жұмыстың қысқаша аннотациясы

ББҰ басшысы:

\_\_\_\_\_

Қолы Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

2023 ж.